




Автор: Мухиева Базаргул Муратовна
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Мамандықтар әлемі
Тақырып: Атакәсіп. Күріш туралы сыр.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінезқұлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: оқыған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді, түсінеді, қайталайды.. Көптеген оқушылар: берілген тапсырмалардағы сұрақтарға толыққанды жауап береді, өз көзқарасын білдіреді, ізденеді, сөз тіркестерінен сөйлем құрайды. Кейбір оқушылар: берілген тапсырмалар бойынша пікірін білдіреді, таныстырылым жасайды.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: диқан күріш, агрономдық, қамба, кетпен Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: табыс етпек болды, назаланды, күйзелді, бармағын тістеді. Талқылауға арналған сұрақтары: Күріш өсірудің қандай ерекшелігі бар? Кейіпкердің көңіл күйі неліктен өзгерді? Күріштің қандай пайдасы бар?
Бағалау критерийлері:	Мәтіннен негізгі ойды білдіретін бөлікті анықтайды Мәтіннен нақты ақпаратты тауып, сызба түрінде көрсетеді Шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден ақпаратты табады
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды еңбекті бағалай білуге, өнеелі адамдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Математика, дүниетану, көркем еңбек, жаратылыстану
Бастапқы білім:	Түсінісу


Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (5 минут)</p>	<p>Психологиялық ахуал. Шеңберге тұру. - Қайырлы таң, көздерім! -Ояныңдар ма? (қабақтарын сипайды). -Қайырлы таң, құлақтарым! -Ояныңдар ма? (құлақтарын сипайды). -Қайырлы таң, қолдарым! -Ояныңдар ма? (қолдарымен шапалақтайды). -Қайырлы таң, аяқтарым! -Ояныңдар ма? (аяқпен жерді тебу). -Қайырлы таң, ұстазым! -Мен ояндым!. (Күлімсіреп, күнге қолдарын созады) -Еңбек етуге дайынсыңдар ма? -Я (қолдарын шапалақтайды) Оқушылар орындарына отырады. Жаңа жұп құру. Егіс алқабы мен бақша суреті арқылы жұпқа бөліну. Жұмыс ережесі: Бір-бірімізді сыйлаймыз және тыңдаймыз! Уақытты үнемдеп,нақты жауап ұсынамыз! Сабақта шапшаң болып,белсенді қатысамыз! Алдыңғы білімді еске түсіру. «Түсінісу» мәтіні Мәтіннің басты кейіпкері кім? Трактор, комбайндардың жұмысы қазіргі замандағы озық техниканың жетістігі бола ала ма? ҚБ: бағдаршам арқылы бағалау Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау</p>	<p>шаттық шеңберін құру Оқушыларды жұпқа комбайн ментрактор бейнесімен бөлу Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, бағдаршаммен бағалау байланыс орнату.</p>
<p>Сабақтың ортасы (30 минут)</p>	<p>Қызығушылықты ояту «Кір жайғыш» ойыны арқылы күрішші еңбегі туралы әңгімелеу, тақырыпты ашу. Әр жайылған киімде сөздер жазылған: 1. Адам еңбек етіп,отбасын асырайды. 2. Соқамен жер жыртады. 3. Егін егеді 4. Піскен егінді комбайнмен орып алады. 5. Жинаған өнімді халыққа таратады. 6. Түрлі ас дайындалады. 7.Бұл қандай дақыл туралы айтылған? Жұптық жұмыс. Оқылым (Джиксо әдісі) Әр жұп өзіне берілген бөлікті оқып келесі жұпға түсіндіреді. Кейіпкер өмірімен таныстыру Ыбырай Жақаев 1891 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Күріштің әр гектарынан 171 центнер өнім алып, рекорд жасаған. Екі мәрте «Еңбек ері» атағын алған. Бірнеше мәрте орден, медальдермен марапатталған. Мәтінмен жұмыс: Теңеу сөздерін табу Сөз мағынасын ашу. «Көршіңмен бірлес» әдісі I жұп Көршісімен бірге күріштен жасалатын тағамдарды атап,күріштен не жасауға болатынын айтады. II жұп Мәтіндегі жер-су аттарын картадан тауып ,ол жердің күріш өсіруге қолайлылығын атайды. Таныстырылым жасау. 1.«Егер де мен диқаншы болсам....» 2.Дақылдар туралы жұмбақ, сөзжұмбақ, өлең құрастырады. «Ашық микрофон» әдісі. Таныстырылымы дайын оқушы өз жұмысын таныстырып басқа оқушының таныстырылымын толықтырады Дискриптор: - Дереккөздерді пайдалану. - Таныстырылымда күнделікті өмірде күріштің қолданылуы туралы әңгімелей алу - Жұбыңмен сұрақтарды талқылау. - Жұмбақ,сөзжұмбақ, өлең құрастырып жазу. ҚБ «Бағдаршам» әдісі арқылы жұптарын бағалайды. Сергіту сәті «Қыдырып қайтайық» билеу</p>	 <p>Тәжірибе құралдарын жинақтау Белсенді оқу тапсырмалары. Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату Оқушылар сергіту сәтін жасайды.</p>

Сабақтың соңы
(5 минут)

Image not found or type unknown



Кері байланыс « Білім қоржыны»

«Білім қоржыны» бойынша
кері байланыс орнату.